ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы,
Түркістан қаласы, 160 орам, 5 учаскe, тел: 8(72533)5-97-04;
факс: -; email: 130203@sud.kz

161200, Республика Казахстан, Туркестанская область,
город Туркестан, 160 квартал, 5 участок, тел:
8(72533)5-97-04;
факс: -; email: 130203@sud.kz

29.06.2023 № 5165-23-5-21/6667

«Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-не
сот кабинеті

Талап қоюшы «Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің жауапкер ДК «Монета-Gain»-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысуышы деп тану және тұрақсыздық өндіру туралы азаматтық ісі бойынша заңды күшіне енген шешім көшірмесі орындау үшін жолданады.

Қосымша: шешім көшірмесі.

Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы **Ғ.Бектаев**

Орынд.: Ермекбаева Ж. Ж.
тел.: *8-7252-54-52-86, 725-2473@sud.kz*

Құжатты жасаған: ЕРМЕКБАЕВА Ж. Ж., 8-7252-54-52-86, 725-2473@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: БЕКТАЕВ Ғ. Ә., 29.06.2023 14:17

ҚР Жоғарғы Соты Төрағасы ӘЖ ЭҚК тексеруінде тексерілді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
"ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ
ТАБИҒАТ ПАДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ШАРДАРА
ОРМАН ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР
ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ ЖӘНІНДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ"
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 944
«10» 07 2023 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 24 мамыр №5165-23-00-2/789 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ғ.Ә.Бектаев,
сот отырысының хатшысы Ж.Ермекбаеваның қатысуында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Монета-Gain» - Батиров Темирбай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2) Тұрақсыздық сомасын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.Өмірзаков
Жауапкер Т.Батиров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (ары қарай - Мекеме) мен дара кәсіпкер (ары қарай – ДК) «Монета-Gain» - Батиров Темирбай арасында арнайы киімдерді сатып алу, тігу және жөндеу жқмыстарына 2023 жылғы 13 ақпанында №9 келісім-шарты түзілген.

Тараптар арасында түзілген мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін жауапкер тиісінше орындамағанын көрсетіп, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және жауапкерден мемлекет пайдасына 9 750 теңге тұрақсыздық сомасын өндіруді сұрады.

Жауапкерден жазбаша түрде қарсы пікір түспеді.

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә. 24.05.2023

Заңды күшінде болған күні 27.06.2023 Судья Бектаев Ғ. Ә. 27.06.2023

Талап қоюшы өкілі сотта талапты толық қуаттап, талап қоюды онда көрсетілген негіздермен толық қанағаттандыруды сұранды.

Сот отырысында жауапкер талапты ішінара қанағаттандырып, тұрақсыздықты өндіріп, ал мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұранды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Талаптың №1 бөлігі бойынша.

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

Қазакстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазакстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер міндеттерін 2023 жылдың 20 наурызына дейін орындауға тиіс болған.

Жауапкер өз міндеттерін орындамағандықтан талаптың жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосыксыз қатысушы деп тану жайлы №1 бөлігі негізді болып табылады.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген келісім шарттың 8.3-тармағына сәйкес, егер өнім беруші жұмыстарды орындау мерзімін өткізген жағдайда тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіреді.

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Г. Ә., 24.05.2023
Заңды күшінде ағылшын мәтіні: 27.06.2023 Сулы Бектаев Г. Ә., 27.06.2023
5165-23-3-1/863

Сол себепті, талап қоюшы 15 күнге 9 750 теңге тұрақсыздық есептеп, жауапкерден мемлекет пайдасына өндіруді сұрайды.

Талап қоюшының есептеген тұрақсыздық көлемін сот дұрыс деп санайды.

Мұндай жағдайда тұрақсыздықты өндіру жайлы № 2 талап та негізді.

Жауапкер осы жоғарыда аталған негіздерді теріске шығаратын уәждерін келтірген жоқ және қарсылықтарының негізіне дәлелдемелерді ұсынбады.

Осы айтылғандар негізінде сот талап қоюшының талабын заңды және негізді деп санайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан кейін – АПК) 117-бабының 1-тармағы негізінде жауапкерден мемлекет пайдасына 1 725 теңге және 98 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Мекеменің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

ДК «Монета-Gain» - Батиров Темирбай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ДК «Монета-Gain» - Батиров Темирбайдан мемлекет кірісіне 9 750 теңге тұрақсыздық пен 1 823 теңге мемлекеттік баж, сонымен барлығы 11 573 (он бір мың бес жүз жетпіс үш) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Бектаев Г.Ә.**

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Г. Ә., 24.05.2023

Заңды күшіне енгізілді: 27.06.2023 Сулы Бектаев Г. Ә., 27.06.2023

5165-23-3-1/863